

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

**«Ортопедиялық стоматология пропедевтикасы»
кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.д., профессор Есіркепов А. А.**

СӨЖ

Тақырыбы: Доғалы протезді отқа төзімді мүсінде дайындаудың қазіргі заманғы әдістері.

Дайындаған: Каукышев Б.М

Факультет: стоматология

Топ: Ст. 08-003-3

Қабылдаған: Абдразаков Е. Х.

2011-2012 оқу жылы

Жоспар:

I Кіріспе

II Негізгі бөлім

1. Доғалы протезбен емдеудің клиникалық көріністері
2. Доғалы протездің құрылымдық элементтерінің мінездемесі
3. Кламмерлі телескопиялық құлыпты балдық бекіту жүйесі
4. Доғал протезді дайындаудың клинико-лабораториялық кезеңдері

III Қорытынды

IV Қолданылған әдебиеттер

Кіріспе

- Бюгель неміс “Bügel” сөзінен аударғанда, «доға» деген мағынаны береді. Доғалы протез – жартылай алмалы протездің бір түрі. Доғал протез - тірек ретінде қызылиекті ғана емес, сонымен қатар өзінің тістерін қолдануға мүмкіндік беретін алмалы протез түрі. Ауыз қуысында протез аз орын алады.

Көрсеткіштері:

- Тіс қатарының екі жақты шеткі ақаулары;
- Тіс қатарының бір жақты шеткі ақаулары;
- Тіс қатарының бүйір бөлігінде 3 тен артық тістер болмағандағы қосарланған ақаулар;
- Тіс қатарының алдыңғы бөлігінде 4 тен артық тістер болмағандағы ақаулар;
- Тіс қатарының пародонт ауруларымен біріккен ақаулары;
- Тіс қатарының көптеген ақаулары;
- Мықты тірек тістер;
- Тірек тістер түбірлеріндегі созылмалы қабынудың болмауы;
- Емделген тірек тістерде пломбылық материал түбір ұшынан шықпауы керек;
- Доғал протез негізі орналасқан шырышты қабат патологиялық үрдіске ұшырамаған болуы керек;
- Протез негізі орналасқан шырышты қабат минимальді батымды болуы керек;
- Альвеола өсіндісінің тіссіз жерлері протезді кигізіп, шығаруға кедергі келтірмеуі керек.


Қарсы көрсеткіштері:

- Доғаға орын болмаған жағдайда;
- Кіші азу тістердің екі жақты конвергенциясында;
- Альвеола өсіндісі біршама алға иілгенде (Перзашкевич Л.М. 1974г.).

Доғалы протездің құрылымдық элементтері:

Доғалы протез тұрады:

1. металл қаңқадан;
2. жасанды тістерден;
3. пластмассалы негізден.



қаңқа (каркас)

```
graph TD; A[қаңқа (каркас)] --> B[Доға шайнау қысымының таратылуында маңызды рөл атқарады, протездің жеке элементтерін біріктіреді]; A --> C[Бекіткіш элементтер тіреп-ұстап тұрушы кламмерлер, окклюзиялық төсемдер, көпбөлікті кламмерлер]; A --> D[Ертоқым (седло) Тіс қатары ақауының аймағында, пластмасса негізінің ішінде, шырышты қабатқа тимей орналасады];
```

Доға

шайнау қысымының таратылуында маңызды рөл атқарады, протездің жеке элементтерін біріктіреді

Бекіткіш

элементтер тіреп-ұстап тұрушы кламмерлер, окклюзиялық *төсемдер*, көпбөлікті кламмерлер

Ертоқым (седло)

Тіс қатары ақауының аймағында, пластмасса негізінің ішінде, шырышты қабатқа тимей орналасады


Доға:

- Қаңқаға абсолютті қаттылықты қамтамасыз етеді. Иілетін немесе құйылған болады. Төменгі жақта ені 2-3 мм, қалыңдығы 1,5-2 мм. Тіл жақ бетте, тіс мойны мен ауыз қуысы түбі арасының ортасында орналасады. Жоғарғы жақта доға ені 5-15мм, қалыңдығы 1-1,5мм, шырышты қабаттан қашықтығы 0,3-0,6 мм.

Бекітуші элементтер


Протездің ығысуын, протездің тірек тістер мен протез орналасатын орынға түсіретін зиян механикалық әсерінен алдын алады. Шайнау қысымын тірек тістердің пародонтына түсіреді. Тірек тістерде орналасады.

негіз (базис)



Пластмассадан жасалады, тіс қатарының ақауы аймағында орналасады, шырышты қабатқа жанасып жатады

жасанды тістер



Пластмассалы негізде орналасады, фарфор пластмассадан немесе керамикадан болуы мүмкін.

Кламмерлі доғалы протез

- Тірек тістерді тығыз жанасыр жататын арнайы ілмекті-кламмерлер көмегімен бекітіледі. Ілмектерді арнайы жеке тістер үшін жасалады және тісте жақсы бекітіледі, өзінің серпінділігі арқасында кіреукеге зиянды әсер етпейді. Мұндай протезді дайындау үшін ауыз қуысында бірнеше берік тістер болуы қажет. Негізгі кемшілігі – сөйлегенде немесе күлгенде ілмектердің көрініп қалуы.









Құлыптық доғалы протездер

- Құлыптар екі элементтен тұрады. Бір элементі тіс ішінде, екіншісі сауытпен қапталған тірек тісте немесе тіс түбірінде орналасады. Яғни, протездің бекітілуі сауыт ішінде болғандықтан, ауыз қуысында онша біліне қоймайды.

Құлыптық протездің бекітілуі өте мықты, шайнау қысымының үлкен бөлігі алдын ала сауытпен жабылған тірек тіске беріледі. Бұл конструкцияның артықшылығы – ілмектерден құтылып, бекітуші элементтерді сауыт ішінде жасыруға мүмкіндік береді.





индивидуальный поворотный замок в закрытом и открытом состоянии





Бекітудің телескопиялық жүйесімен протездеу



- Доғалы протездің ең күрделі түрлерінің бірі. Оның негізінде телескопиялық сауыттар жатыр. Бірі тіске цементтеледі, екіншісі доғал протездің ішінде орналасады, оның ішкі контуры бірінші қабаттың контурын қайталайды,
- Бір сауыт екіншісін қаптап, осыған байланысты протез нық отырады. Бұл протездер универсалды болып табылады, себебі, жыл өткен сайын тірек тістер саны азая бастайды, ал протез сол қалпы қалады.

Доғалы протезді дайындаудың клинико-лабораториялық кезеңдері:

Клиникалық

1. Науқасты тексеру, диагноз қою, тиімді конструкцияны таңдау, жоғарғы және төменгі жақтан толық анатомиялық қалып алу, ауру тарихын толтыру.
2. Жақтардың орталық қатынасын анықтау. Диагностикалық мүсінді параллелометрде тексеру, мүсінге доғал протез қаңқасының сызбасын сызу.

Лабораториялық

1. Суперғаныш пен медициналық ғаныштан екі жұмысшы мүсін дайындау, медициналық ғаныштан көмекші мүсін дайындау, медициналық ғаныштан жасалған жұмысшы мүсінде окклюзиялық біліктері бар балауыздық негіз дайындау.
2. Суперғаныштан дайындалған мүсінді дублдеуге дайындау. Отқа төзімді мүсін алу. Қаңқа сызбасын отқа төзімді мүсінге көшіру. Отқа төзімді мүсінде протез қаңқасын балауызбен мүсіндеу. Литниктік жүйені дайындау, қаңқаны құю, өңдеу, жалтырату, мүсінге шақтау, технологиялық сапасын бағалау.

Клиникалық

3. Доғал протез қаңқасын ауыз қуысында шақтап көру.
4. Доғал протездің конструкциясын тексеру.
5. Доғал протезді шақтап көру және тапсыру.

Лабораториялық

3. Мүсіндерді окклюдаторға отырғызу. Жасанды тістерді орнату.
4. Протездің балауыздық конструкциясын қорытынды мүсіндеу, балауызды пластмассаға ауыстыру, өңдеу, протезді тегістеу, жалтырату.



Жартылай пластиналы протезден айырмашылығы

- Доғалы протездерде минимальді базистік бөлік;
- Протезде доғаның болуы протезді берік етеді және шайнау қысымын біркелкі тартады;
- Қызылиек бүртіктері мен шырышты қабаттың көп бөлігі бос жатады;
- Аздап түзету жүргізу ыңғайлы;
- Протездің берік фиксациясы адаптация процесін жылдамдатады.

Доғал протездің көпір тәрізді протезден артықшылықтары:

- доғал протездер дайындауда тістерді егеу қажеті әрдайым туа бермейді, олардың физиологиялық қозғалғыштығын шектемейді;
- шайнау қысымын қалған тістер мен альвеола өсіндісі арасына жайылуға мүмкіндік береді;
- Доғал протездер гигиена жағынан тиімді, ауыз қуысы сыртында жақсы механикалық тазартылады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, доғалы протездерді дайындау технологиясы жартылай пластиналы протездерді дайындау технологиясынан өте күрделі, сондықтан ем нәтижелі болуы үшін, клинико-лабораториялық кезеңдерді дұрыс орындау қажет. Ал бұл үшін дәрігер мен тіс технигі өз жұмысын жетік меңгеру керек.

Қолданылған әдебиеттер:

- http://www.medpravkaufa.ru/stati/bolezni_rta/protezi.php
- “Пропедевтика ортопедической стоматологии”
Рузуддинов С.Р., Седунов А.А., Лобанов Ю.С.